

Ешметова Б.Б.,
Есимбекова Н.Е.

**Түркі халықтары
дүниетанымында «әйел»
бейнесінің өзіндік
ерекшеліктері**

«Әйел» тақырыбы – қоғамда мәңгілік қозғалып отыратын тақырыптардың бірі болып саналады. Кез-келген мәдениетте әйелдің атқаратын қызметінен, қоғамда алатын орнынан, өзіндік қасиеттері мен ерекшеліктерінен құралған стереотиптер жүйесі.

Мақала әйел тақырыбына арналған. Қазіргі таңда әсіресе әйел-ананың қоғамдағы орны мен атқаратын қызметіне байланысты көзқарастар алуан түрлі. Қалай болса да, ананы құрметтеу, әйелді ардақтау бүкіл түркі халықтарына ортақ, ата-бабаларымыздан келе жатқан салт-дәстүр.

Түйін сөздер: тарих, түркі халықтары, мәдениет, қоғамдық көзқарас.

Yeshmetova B.B.,
Yessimbekova N.E.

**It features an image
of «woman» in the worldview
of Turkic peoples**

The theme of «Women and the society is relevant of all time. It is a projection of stereotypes of women as a social media prescribed qualities and properties, formed on the basis of the roles of women in society. That is why this theme is always under discussion. Especially a lot of controversy and opinions about the role of women in society and on the functions that a woman takes. Whatever it was, to respect the woman, respect the mother is a long-standing tradition of the Turkic peoples, which is transmitted from generation to generation.

Key words: history, Turkic peoples, culture, public opinion.

Ешметова Б.Б.,
Есимбекова Н.Е.

**Особенности образа
«женщина» в мировоззрении
тюркских народов**

Тема «женщины и общества» является актуальной всех времен. Она представляет собой проекцию стереотипных представлений о женщине, как о носителе социально предписанных качеств и свойств, сформировавшихся на основе ролей, выполняемых женщиной в обществе. Именно поэтому эта тема всегда подвергается обсуждению. Особенно много разногласий и мнений о роли женщины в обществе и о функциях которые женщина исполняет. Как бы то ни было, уважать женщину, уважать мать является давней традицией всех тюркских народов, которое передается из поколения в поколение.

Ключевые слова: история, тюркские народы, культура, общественное мнение.

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ
ДҮНИЕТАНЫМЫНДА
«ӘЙЕЛ» БЕЙНЕСІНІҢ
ӨЗІНДІК
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Кез келген мәдениет аз уақытта күшпен орнамайтынын, халық мәдениетін реттейтін факторлардың ғасырлар бойы қалыптасатынын тарих көрсетіп отыр. Ежелгі түркілердің ең көне дүниетанымында қалыптасқан дүниенің қос жыныстық бастауы туралы түсініктерінде дүниенің өте белсенді, қозғалмалы, шығармашылық бастамасы әйел болып табылатын. Сондықтан түркі мәдениетіндегі архетиптік әйел бейнелерін зерттеудің маңызы зор.

Түркі халықтары дүниетанымында кездесетін архетиптік әйел бейнелерінің ішіндегі ең бастысы *Тәңір-Ана бейнесі*. Тәңір-Ананың негізгі функцияларын саралай келсек, оның басты атқаратын қызметі – жасампаздық болғанын байқаймыз. Бұл жасампаздық функциясының бірнеше қыры бар: Жаратушы Тәңірдің жұбайы ретінде (бұл салада ол Жермен сәйкестендіріледі) ғалам жасау ісіне қатысады; Ғаламды мекен ететін, тіршілік ететін тірі пенделерді (тәңіриелерді, адамдарды, жануарларды, құбыжықтарды) жасауға қатысады [1, 48].

Тарихқа көз жүгіртсек, көшпенді түркі халықтары әрқашанда ананы қастерлеген. Жарын сүйген. Қызын қырық үйден тия отырып, алақанына салып әспеттеп еркелеткен. Қызды қашанда жат жұрттық деп, жас күнінен отбасының сенімді серігі, қара қазанның иесі, үйдің ұйытқысы ретінде ұзатқанға дейін тек тәрбие берген.

Сақ тайпаларының көне түркілермен генеологиялық байланысының болып-болмағаны көмескілеу көрінгенімен, географиялық байланысының бар екені баршаға мәлім. Көне түркілерде патриархалды басқару жүйесі бекігенімен, олардың дүниетанымында әйел затына деген құрмет ерекше еді. Түркілер әйелді күнделікті тұрмыста шаңырақтың бір уығын көтерісетін ер адамның қосағы деп ғана түсінген жоқ, әйел затын қасиетті «Ұмай ананың» сарқыты деп бағалады [2, 68].

Ұмайдың түркі дүниетанымындағы бейнесінен оның әйел тәңір екендігіне күмән қалмайды. «Ежелгі түріктер Ұмайды өте сұлу және қайырымды, күліп-ойнайтын, күміс шашымен аспанды жарқыратқан, күн сәулесімен кемпір қосақ шомылған, қолында балаларды қорғайтын алтын садағы бар жас келіншек, әйтпесе қыз ретінде таныған» [2, 69].

Ұмай ана түсінігі жалпы түркі халықтары танымындағы «әйел» бейнесін толығымен ашып көрсетеді. Түркілердің «Ұмай ана» түсінігінде әйел тегіне деген терең ұғым жатыр.

Көне түркілердің мифологиясында «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебейтін періште саналады. Көне түркінің дүниетанымында «Ұмай анадан» өзге «бес ене» түсінігі де болған. Пендені желеп-жебейтін Ұмай ана, Май ана, От ене, Ұмайық және Бай әжені «бес ене» деп қабылдаған [2, 72].

Соған қоса түркілер «Ұмай ана» деп Адам атаның қосағы Хауа ананы айтқан секілді. Себебі, белгілі руника зерттеушісі Қ.Сартқожаұлы да Орхон-Енесей тас жазуында түркілердің «Ұмай текті ұрпақ» деген тіркестерді қолданғанын жеткізеді. Демек, түркілер «Ұмай ананы» Тәңірге баламай, керісінше оның жатырынан жаралғанын пайымдаған [3, 55].

Тағы бір түркі халықтарындағы әйел бейнесін Қорқыт атаның «*әйел пайымында*» көре аламыз.

Түркілердің Исламға дейінгі дүниетанымынан сыр шертетін жауһар туындылардың бірі «Қорқыт ата кітабы» екені бәрімізге аян. Бұл тарихи шығармада түркілердің әйел туралы пайымдаулары да көрініс береді. «Қорқыт ата кітабын» терең зерттеген Ә.Қоңыратбаев туындының бүгінге жеткен нұсқасына мұсылмандық құндылықтардың да кіріккенін айтады. «Қорқыт ата кітабындағы» нәзік жандыларға қатысты пайымдаулар көне түркінің әйел танымын әйгілейтіні анық.

Қорқыт атаның пайымдауынша әйел төрт түрлі болады. Оның бірі – ниеті қураған әйел, екіншісі – ынсапсыз әйел, үшіншісі – үйдің құты болған әйел, төртіншісі – кесір әйел. Әйел біткеннің ең жаманы осы екен [4, 50].

Отбасының құты (тірегі) болған әйел даладан бір қонақ келсе, үйінде ері болмаса да, оған сусын беріп, бар дәмін алдына қояды, сыйлап аттандырып салады. Бұлар – Айша мен Фатимадан бата алған әйелдер [4, 52].

Одан соңғысы – *ынсапсыз, қанағатсыз әйел*. Ондай әйел таңертең төсегінен тұрып, беті-қолын жумастан тоғыз тоқаштың бәрін аударыстырып, ең тәуірін таңдап жейді, аузын томпайтады, бір шелек айранды басына көтеріп, қарынды қампатады, содан соң маңдайын сабалап, жылана бастайды да: «Қараң қалғыр, осы күйеуге мен қайдан душар болдым. Бір күн қарным тойып ас ішпедім, жүзіме күлкі келмеді, аяғыма ілген кебісім болмады, бетімнен перде түспеді. Ерім өліп басқаға тисем, бағым ашылар еді, сол үмітім өшпесін», – дейді [4, 55].

Одан соңғысын *салақ әйел* дейміз. Ондай әйел төсегінен тұрған соң беті-қолын жуады, үйдің ол шеті мен бұл шетіне қарайды да, күбіні абыл-құбыл етіп, көрпе-төсегін жинайды. Содан соң «шуу!» – деп ауыл кезіп, түс қайта үйіне оралады. Келсе үйі ұрланған, қазан-аяғын ит жалаған, бие-бұзау сүйкеніп, үйдің қорадағы байлаулы қалған сиыры мөңіреді. Келе сала әйел көршілеріне барып, шаптыға бастайды [4, 5].

Ең соңғысы – *адам тілін алмайтын кесір (қырсық) әйел*. Ондай әйелге мың сөз айтсаң, соның бәріне жауап қатады, бірақ ерінің айтқанын құлаққа ілмейді. Ондай әйелді Нұх пайғамбардың көз жасынан пайда болғандар дейміз [4, 57].

Ал енді жаплы тарихта өшпес із қалдырған, ақылдылығымен, парасаттылығымен, шешендігімен танылған, ел билеген әйел-аналарымызға тоқталайық:

Томирис – Тұран патшасы Афрасиябтың қызы. Патшайым болып ел басқарған батыр қыз [5, 177].

Зарина – Сақ патшасының қыз. Ел тағдыры үшін өз махаббатын құрбан етеді. «Жеке басымның бақытын елімнің еркіндігіне айырбастай алмаймын. Махаббаттан да жоғары нәрсе бар, ол – менің елім», – дейді Зарина [6, 25].

Бөрте ханым – Шыңғыс ханның әйелі. Қоңырат тайпасының қызы. Жат елдікке пенде болғанмен ұрпақ тәрбиесінде өз елінің ұлттық тағылымын меңгерте білген [5, 150].

Гайһар – Қабанбай батырдың жары, арғын – бәсентин Малайсары батырдың қарындасы [5, 152].

Есенбике – Олжабай батырдың анасы, үйсін Қарасай батырдың қызы. [5, 153].

Назым – Қабанбай батырдың қызы [5, 158].

Айтолқын – Абылай ханның қызы [5, 147].

Бопай – Кенесарының қарындасы, бес жүз сарбазды басқарып, Ресей отаршылдарына қарсы соғыста ерен ерлік көрсеткен батыр қыз [5, 151].

Қалампыр ана – Балуан Шолақтың анасы [5, 154].

Домалақ ана (Нурилла) – Бәйдібек бидің әйелі. Нұрилла барлық адамдарға өте мейірімді, ақылды, әулие әйел болған. [5, 160].

Шығыс тілдерін білген, өз халқының мұң – мұқтажы туралы Ресей Сыртқы істер министрлігінің Азиялық департаменті мен үкіметінің Сібір комитетімен хат алысып тұрған *Айғаным ханша* тәрізді ел арасында беделі жоғары әйел аналар аз болмаған. Осы жерде қазақ әйеліне ерекше тоқталып кетпесек болмас.

Қазақ әйелдері ұрпақ тәрбиесінен өзге қоғамның барлық істеріне тікелей болмаса да қатысып, өздерінің көзқарастарын танытқан. Хандар мен сұлтандардың, батырлар мен билердің ақылшы, кеңесшілері ретінде кең далаға танылған.

Ел арасындағы әр түрлі мәселелер және ауыл отбасы тағдыры көбінесе әйелдердің араласуымен, тек ерлер арасында, онда да ақсақалдар мен билер арасында шешілетін. Мұндай мәселелерде әйел тілін алу, онымен ақылдасу, ойын білу деген атымен жоқ болатын. Мұндай жағдай олардың тек әйел екендігіне байланысты теңсіздік емес, оның негізі партиархалды – рулық қатынастардың салдарымен тығыз байланысты. Үй ішінің тағдырына әр қазақ әйелі белсене қатынасып отыруға міндетті болды. Отбасының тіршілігі әйел әрекеті мен еңбегіне байланысты жүрді. Сондықтан олар үй іші мәселесінде өзін еркін ұстайтын да, өз бетімен жұмыстарын атқарып, ерлерінің нағыз көмекшісі болатын.

Қазақ дәстүрінде әйелдің үй ішіндегі еркіндігі отбасының атына нұқсан келтірмей, қайта намысын қорғайтын болса, ел аузына ілініп, өзгеге үлгі ретінде айтылып, үлкен мадақ пен сыйға бөленетін.

Шаруаның негізгісі мал өсіру, егін салу болса, малды түзде бағып-қағу, оған жемшөп дайындау, егін егу, оны суару, жинау ісіне әйелдер тікелей араласа қоймайтын, ондай ауыр жұмыс әр уақытта ерлердің ісі болып есептелетін. Тамақ дайындау, киім тігу, жүн сабау, киіз басу, жіп иіріп, алаша, кілем тоқу, әр түрлі үй бұйымдарын тігу, мал сауу, кір жуып, үй жинау, көші – қонның кезінде тең буып, оны шешу, үй жығып, оны тігу, жас балалар мен қартайған ата – енесіне қарау, т.б. үй ішінің ұсақ – түйек шаруасы түгелдей әйелдер мойнында болды. Үй шаруасына жалшылар ұстайтын ірі байлардың әйелдері мұндай шаруаларістемейтін. Олар тек басшылық етіп, жеңіл – желпі киім тігіп, ши орап, кесте тігіп, бала бағудан басқаға араласпайтын. Ал орта шаруалар мен кедейлердің әйелдерінің жұмысы тіпті көп болатын. Олар өз шаруасына қоса, бай туысының үй шаруасына да көмектесетін. Қысты күні үйде тұрған малға қарау көбінесе әйелдер мен бала – шағаның міндетіне жататын.

Қазақ әйелдері мал сатып, қаладағы базарға баруға араласпағанымен, үйдегі шаруаға тікелей қатысып, оған өзінің ықпалын жүргізетін. Үй іші шаруасын ұйымдастыруда да ері әйелімен ылғи ақылдасатын. Егер әйел ақылды болса, ол тек еріне ғана емес, онымен бірге бүкіл ауылға

да өзінің ықпалын тигізетіндіктен, мұндай әйелдерге күйеулері өздерінің өмірлік серігі ретінде қараған. Осындай жағдайлардың орын алғандығын тарихи деректер дәйектейді. Ері жоқта есті әйел оны жоқтатпай, барлық жұмысқа өзі басшылық ететін. Мұндай әйелдер тарапынан еш уақытта ұрыс – жанжал шықпайтын. Үлкен – кішіні бірдей сыйлап, керек жерінде жарасымды әзіл айтып, жолынан жаңылмай тұрған әйелдердің отбасындағы ықпалы күшті болатын.

Ал түрік халқында әйел-анаға байланысты қалыптасқан көзқарас сонау Османлы дәуірінен басталады. Османлы әйелінің қоғамдық ережесі және тіршілігімен байланысты кейбір маңызды мағлұматтарды кезеңнің еуропалық саяхатшыларының шығармаларында да байқауға болады. 18-ғасырда Түркияға келген Мэри Уортли Монтегю Османлы әйелінің еуропалық әйелдермен салыстырғанда еркін екенін атап көрсетеді. Элизабет Крейвен де *«Түркиядағы сияқты әйелдер ие болған ауқымды еркіндік пен мүмкіншіліктерді басқа бір мемлекетте көрген жоқпын. Түріктердің біз әйелдерге деген ұстанымы барлық ұлттарға үлгі болуға тиісті»* дейді [7, 5].

Асыл дініміз бойынша, әз аналардың ту басында Адам пайғамбардың қосағы Хауа анамыз тұрады. Мұса пайғамбарды тәрбиелеген Әсия анамыз (Перғауынның зайыбы), Иса пайғамбардың анасы Мәриям анамыз да дініміз бойынша алғашқылардың қатарында. Пайғамбарымыздың зайыптары – Хадиша, Айша, қызы Фатима аналарымыз бастаған әз аналардың жолы да, жөні де бөлек. Олар туралы сөз басқа. Шыңғыс ханның зайыбы Бөрте ханымды да тарихтағы ұлы аналардың қатарына қоюға болады. Әлем әміршісіне ақыл-парасатымен айтқанын істете білген, дүниені билеген төрт ұлдың анасы! Көшім ханның зайыбы Сүзге сұлу ше? Қазанды билеген Сүйімбике ханша, қырғыздың Құрманжан датқасы кімнен кем?! Құрманжан датқа – түбі бір түркі жұртынан шыққан бірден-бір әйел датқа, генерал, полковник болуымен ғана емес, ел басқарған көсемдігімен, сөз бастаған шешендігімен, қара қылды қас жарған әділдігімен, ер жүрек батырлығымен ел есінде қалған тұлға. Шоқанның әжесі Айғаным ханшаны ауызға қалай алмасқа?!

Мақаланың тақырыбы «әйел» болғандықтан, әйел туралы мәліметтерді тарихтың терең тұғырынан алып жатырмыз. Өйткені өткен өмірді еске алмай, болашаққа адым аттай алмаймыз.

Жалпы түркі халықтарының болмысындағы, дүниетанымындағы бар игі қасиеттерді тілін,

ділін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық дәстүрін баласынан немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дарытушы, дамытушы әйел ана деп санаған.

Халқымыздың татулығын, береке – бірлігін келтіруші ана екендігіне тарих куә. «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» [8, 35] деген халық даналығы осыдан туған. Қыздарын «қыздың жолы жіңішке» [8, 68] дей отырып, жан – жақты тәрбиелеген, еш уақытта оны кемсітіп, төмендетпеген. Қайта қыз баланың бойына әдептілік, инабаттылықпен бірге дала әдебіне сәйкес өткірлік, қайсарлық, шынайы намыс тәрізді қасиеттерді қоса дамытып отырған. Сондай-ақ тәлім-тәрбие, күш-жігер зая кетпеген.

Әйелдер – ұрпақ тәрбиесінен өзге қоғамның барлық істеріне тікелей болмаса да қатысып, өздерінің көзқарастарын танытқан. Хандар мен сұлтандардың, батырлар мен билердің ақылшы, кеңесшілері ретінде кең далаға танылған. «Қызға қырық үйден тыю» деген дана философиялық қағидаға орай ата – бабаларымыз қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. «Қыз өссе елдің көркі» дегенге сай болу үшін оны адамгершілікке, парасаттылыққа, еңбек сүйгіштікке, әде-

мілікке баулыған. «Қыз жат жұрттық» деп айтылып, өмірден сабақ ала білген бабаларымыз бөтен елде қыздарының тәрбиелігімен, көргендігімен дараланғанын қалады. Сол үшін де ата салттың мәнін өзгертпей, оны қатаң сақтап, келесі ұрпаққа жеткізіп отырды. Нәтижесінде қыздар адами киелі қасиеттерді бойына жинап, өзге халықтардан ерекшеленді. Әсіресе қыздардың еңбек сүйгіш қасиеттері оларды отбасыны, сондай-ақ бүкіл дәстүрлі шаруашылықтың ұйытқысына айналдырды.

Ұлтымыздың асыл қасиеттері ұрпақтарымыздың бойына ананың ақ уызы мен ақ сүті арқылы дарып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Сонда әйел-ана – адамзат ұрпағын жалғастырушы ғана емес, халқымыздың салт-санасын, әдеп-ғұрпын, дәстүрлерін, тілін, ділін, дінін, яғни ұлтымыздың барша асыл қасиеттерін де желеп-жебеп сақтаушы, оны ғасырдан-ғасырға жалғастырушы болып табылатын дәнекер.

Сөздің астарына келер болсақ, әйелдің бақыты – ең әуелі ана бақыты. Өзін ана ретінде танып, аналық сезімнің құдіретін сезінбеген әйел өмірдің бар қызығын көрсе де көңілі құлазитын болады.

Әдебиеттер

- 1 Гумилев Л.Н. Көне түріктер ауд.: Ә. Жұмабаев, П. Бейсенов. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
- 2 Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы, 1996. – Б. 168.
- 3 Сарткожаұлы Қ. Орхон мұралары: тарихнамалық – деректанулық талдау. – Астана, 2003. – 392 б.
- 4 Қорқыт ата кітабы оғыздардың батырлық жырлары: орыс тілінен аударған Ә. Қоңыратбаев М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 128 б.
- 5 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк – Пресс, 2004. – 504 б.
- 6 Аргынбаев Х. Семья и быт казахского народа. – Алма-Ата, 1979. – 84 б.
- 7 Türkiye'de kadın incelemesi – Aytunç Altındal, Anahtar Kitaplar Yayınevi 1991, 1. – Basım. – 248 S.
- 8 Қазақтың 7777 мақал-мәтелдері, құрастырушы Ж. Кейкін – 2010. – 2 басылым. – 440 б.

References

- 1 L. Gumilyov. N. R-N. the ancient Turks.: A. Zhumabayev, P. Beisenov. – Almaty: Bilim, 1994. – 480 p.
- 2 M. Orynbekov. In the ancient worldview. – Almaty, 1996. – B. 168.
- 3 K. Sartkozhauly. Orkhon heritage: historiography – source research. – Astana, 2003. – 392 p.
- The book Korkyt ATA in Kyzyl Kent, tell the verses 4: And translated from Russian into. M Arch. Baidildayev. – Almaty: Zhazushy, 1986. – 128 p.
- 5 S. Kondybay. Ariyasu mythology. – Almaty: Dyke – Press, 2004. – 504 p.
- 6 X Argyubaev. Family and life of Kazakh people. – Alma-ATA, 1979. – 84 b.
- Kadın Türkiye'de 7 incelemesi – Aytunç Altındal, Anahtar Kitaplar Yayınevi 1991, 1. – Basım. It's 248 S.
- 8 7777 sayings, Proverbs, compiled by G. Cakn – 2010. – 2nd edition. – 440 S.

